


ОТКРЫТА КАФЕДРА «ТЮРКСОЙ»

ЖЫЛ ОҚЫРМАНДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

3 наурызда әл-Фараби кітапханасының ұйымдастыруымен «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында университет факультеттері арасында студенттердің қатысуымен «Кітап оқу лидері – 2014» атты оқырмандар сайысының қорытынды кеші өтті.



2012 жылы университет ректоры Ғалым Мұтановтың басамасымен «100 кітап» жобасы әзірленіп, ҚазҰУ студенті оқуға тиіс үздік отандық және әлемдік классиктердің шығармалары тандалды. Мұндағы басты мақсат жастарды кітап оқуға тарту арқылы олардың білім деңгейін көтеру, рухани дүниесін байыту, сондай-ақ үздік жыл оқырмандарын марапаттау болып табылады. Жоба басталған бірнеше жылдың ішінде әл-Фараби кітапханасының ұйымдастыруымен көптеген оқырмандар конференциясы, шығарма авторларымен жүздесулер т.б. іс-шаралар ұйымдастырылды. Бұл кеш сол атқарылған ауқымды жұмыстардың қорытындысы іспеттес.

Жалғасы 3-бетте

АРУЛАРҒА АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК ТАРТУ

Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың нәзік жанды аруларына арналған "Бақытты әйел" атты мерекелік кеш өтті.

Жалғасы 4,5,8-беттерде



На факультете востоковедения КазНУ при поддержке международной организации «ТЮРКСОЙ» в рамках программы «Алматы – столица исламской культуры-2015» состоялась церемония открытия кафедры и культурного центра «ТЮРКСОЙ». Мероприятие было посвящено 20-й годовщине со дня основания Ассамблеи народа Казахстана.

Церемонию открыли генеральный секретарь Международной организации «ТЮРКСОЙ» Д. Касеинов и ректор КазНУ Г. Мутанов. «Эта кафедра призвана стать еще одним мостом сотрудничества между Казахстаном и тюркским миром. Ее деятельность будет способствовать сближению родственных тюркских народов, углублению культурно-гуманитарной и научно-технической интеграции, развитию научно-образовательных связей. Кафедра станет и центром исследований языков тюркских народов, социально-экономических и политических процессов тюркоязычных стран», – отметил в своем приветственном слове Дуйсен Касеинов.

«Открытие кафедры и центра «ТЮРКСОЙ» приобретает особую значимость в свете празднования 20-летия Ассамблеи народа Казахстана, так как тюркоязычные национальности представляют немалую часть населения и считают Казахстан своим домом. Одним из важных направлений работы кафедры является подготовка конкурентоспособных специалистов в области тюркологии, которую будут осуществлять преподаватели и ученые, в том числе и зарубежные», – подчеркнул Галым Мутанов.

В мероприятии приняли участие представители Посольств и Консульств Турции, Азербайджана, Узбекистана, Туркменистана и Кыргызстана в РК,

этнокультурных объединений г. Алматы при Ассамблее народа Казахстана, а также ученые, преподаватели и студенты КазНУ.

Генеральный консул Турции в РК Субхи Атан, поздравив университет с открытием кафедры, отметил важность события для отношений Казахстана и Турции. «Сотрудничество между странами строится в трех направлениях, это – культурный, экономический и политический взаимобмен. Кафедра и центр культуры станут хорошим подспорьем для всех этих направлений, а также послужат дальнейшему укреплению взаимосвязи как казахстанско-турецких отношений, так и тюркских стран в целом», – отметил Сухби Атан.

Международная организация тюркской культуры («ТЮРКСОЙ») создана тюркоязычными странами 12 июля 1993 года в г. Алматы. В ее состав входят 16 участников, это суверенные государства, федеральные субъекты и автономные регионы. Многогранная деятельность организации способствует не только усилению культурного взаимобмена и сотрудничества в рамках стран-членов «ТЮРКСОЙ», но и установлению мира, согласия и стабильности на земле.

Рустем АБРАЕВ

БҮГІНГІ САҢДА:

БҮГІНГІ САҢДА:

БҮГІНГІ САҢДА:

ӨТКЕНСІЗ
БОЛАШАҚ ЖОҚ!



2-бет

ТВОРИ ДОБРО!



3-стр.

АЙНАЛАҢДЫ
НҮРЛАНДЫР!

(эссе)



7-бет

ӨТКЕНСІЗ БОЛАШАҚ ЖОҚ!

5 наурызда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ядролық қаруға қарсы Халықаралық Невада-Семей қозғалысының 25 жылдығына арналған «Вспоминая, думай о будущем» атты кітаптың тұсаукесері өтті.



аркасында осындай нәтижеге кол жеткіздік деуге толық негіз бар. Бұлай дейтіміз, ядролық сынақ бейбіт күнде сан мың адамды жалмады. Р а д и а ц и я н ы ң кесірінен жарты миллионнан астам адам зардап шекті. Мындаған адамды денсаулығынан айырып, өміріне қауіп төнді. Бүгінде ядролық тозақ отынан тірі қалып, аразды жүрген бауырларға қарасу, әлеуметтік көмек көрсету, оларды дәріптеу, өскелең ұрпаққа ұлықтау – біздің азаматтық парызымыз. «Вспоминая, думай о будущем» атты кітаптың авторлары – осы Семей полигонынан зардап шеккен жандар, жылдар бойы дамылсыз ажал сепкен аждаһаның аузына мәңгілік күм күйғандар. Олар кашанда құрметке лайық, мақтауға емес, мақтануға тұрарлық десек артық айтқандық емес.

Сондай-ақ жиын барысында осы кештің өтуіне ұйытқы болған «Невада-Семей» қозғалысының жетекшісі, белгілі публицист, дипломат, қоғам

қайраткері Олжас Омарұлы: «Бүгін еліміздің ең беделді жоғары оқу орнында республика бойынша алғаш рет лингвистикалық ғылыми-зерттеу орталығы ашылып отыр. Бұл университет ректоры, академик Ғалым Мұтанұлының ерен еңбегі деп білемін. Біз бас қосып отырған «Вспоминая, думай о будущем» атты кітапты жазуға атсалысқандар – «Невада-Семей» қозғалысын көргендер, тікелей қатысушылары», – деп атап өтті.

Кеш барысында жазушы, әдебиеттанушы, Қазақстанның қоғамдық-саяси қайраткері Олжас Сүлейменовтың шығармашылығы да назардан тыс қалмады. Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 3-курс студенті Сәкен Есенгелдиев ақынның «Адамға табын жер енді» өлеңін жатқа оқыса, журналистика факультетінің 3-курс студенті Арман Құдайберген өз шығармашылығынан «Арнау» өлеңін жолдады. «Невада-Семей» қозғалысын көзімен көріп, зардабын шеккен жандарға да сөз берілді. Кеуделеріне орден тағылып, сыйлыққа «Вспоминая, думай о будущем» кітабы табысталды. Кеш соңында университет ректоры Ғалым Мұтанов Олжас Сүлейменовтың оның атындағы лингвистикалық ғылыми-зерттеу орталығына ғылыми жетекші қызметіне тағайындалғанын жария етіп, иығына зерделі шапан жапты. Жұбайы Маргарита Владимировнаға да әшекейлі комзол кигізіп, қазақ дәстүріне сай құрмет көрсетті.

«Ұлым» дейтін ұл қайдан туады» – деп алаш көсемі Ахмет Байтұрсынов айтпақшы, өткен күннің қасіретін көрген ұлт жанашырларын дәріптейтін осындай игі іс-шаралар өз жалғасын таба берсін дейміз.

Жұлдыз ӘБІЛ

Шараны ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов ашты. Ол қазақ елінің ықылым заманнан-ақ небір нәубат, зұлматты бастан өткергендігін, Семей полигонынан зардап шеккен жанкештілердің тек құрметке ғана лайық екендігін айта отырып, Халықаралық Невада-Семей

қозғалысының ЮНЕСКО-ның шешімімен «Әлем естеліктері» атты Әлемдік реестрге енгенін мақтанышпен тілге тиек етті. Өткен күннің қайғы-қасіретін көрген талай жандардың ерен еңбегі мен еліміз үшін жасалған табандылығының

РЕКТОРАТ

Кешегі кезекті ректорат отырысы бұрынғы жиындардан өзгереді өтті. Ректор Ғалым Мұтанұлы ақымен университеттің нәзік жанқы әйелдер қауымын мерекесімен тағыз қа құттықтап, бақытты өмір, қызметте және оқуда топағай табыстар тілеуі. Осы орайда университет басшысы Елбасының арлап мерекесі қарсаңында дәстүрлі «Көктем шуағы» атты нәзік жанқы әйелдер қауымы өкілдерімен болған жазғасуіне ҚазҰУ атынан үш өкілдің қатысқанын мақтанышпен атап өтті. Олар – жоғары оқу орнына қейінгі қауындық кафедрасының профессоры Құрапай Аққошқарова, университет студенттері Гүлназ Жоланова мен Сәбина Алтынбекова. Атаптан жанқар мәжілісте Елбасымен жазғасудан алған әсерлерімен бөлісті.

Шуаққа толы кездесу

Салтанатты жиынға қатысқан Құрапай Ахметқызы Елбасының кездесуде әйелдердің қоғамдағы ролі және еліміздің барлық салада үлкен табыстарға жетуі үшін әйел азаматтарға жүктелетін маңызды міндеттерге ерекше тоқталғанын жеткізді. «Елбасы еліміздегі 17 миллион жанның 9 миллионын әйелдер құрайтындығын айтты. Оның ішінде мемлекеттік қызмет, денсаулық сақтау саласындағы әйелдердің үлесі 70%-дан астам. Әйелдер қауымының 40%-ы – кәсіпкерлер. Сондай-ақ білім беру және ғылым саласында да әйелдердің саны басым. Елбасы әйелдердің ең басты міндеті отбасы және ана болу екендігін айтты», – деді өз сөзінде профессор. Сондай-ақ кездесуде Елбасы әйелдер қауымын мықты маман болып қана қоймай, болашақ ұрпақ тәрбиелеудегі аналық жауапкершілігін әрқашан жоғары қоюға шақырған. Берекелі отбасын құру, мықты адамгершілік құндылыққа ие болу аса маңызды. Бұларсыз ел болашағы бұлыңғыр. Сөз иесі кездесуден түйген осы ойды барша әріптестеріне жеткізді. Сонымен қатар Елбасы кезектен тыс президенттік сайлауға тоқталған. Бұл

ретте Құрапай Аққошқарова барша университет ұжымының Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сайлауға қатысқанын қалайтынын және осынау қиын-қыстау кезеңде тек Елбасыға сенім артып, қолдайтынын жеткізгенін айтты. «Елбасы бұл ұсынысты жақсы қабылдап, өткен сайлауда Қазақ ұлттық университетінің белсенділік танытқанын және сан мындаған студенттер кол қойған қолдау хатының келгенін еске түсірді», – деді Құрапай Ахметқызы.

Университет студенттері Гүлназ Жоланова мен Сәбина Алтынбекова да Елбасымен өткен кездесудің ұмытылмас әсер қалдырғанын, өмірлеріндегі естен кетпес оқиғаға айналғанын айтты. Бұл сәттің өздеріне көрсетілген үлкен құрмет екендігін айтқан олар Елбасының жайдарлы мінезін, қарапайымдылығын, мейірімділігін және адамгершілігін сезінгендіктерін, оның сөздері болашаққа деген сенімді нығайтып, жігер бергендігін тілге тиек етті. Сонымен қатар олар еліміздің жетекші университеті – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті екендіктерін

мақтанышпен айтып, ректор Ғалым Мұтанұлына жастарға қолдау көрсеткені үшін алғыс білдірді.

Университет басшысы Ғалым Мұтанұлы Елбасымен кездесуде болған аруларға мәртебелеріңіз арта берсін дей отырып, зор құрметпен гүл шоқтарын ұсынды. Мәжілісті жалғастырған ректор университет ұжымы алдында үлкен іс-шара тұрғанына назар аударды. «Ол – 26 сәуірде өтетін президенттік сайлау. Біз ел болашағы үшін, мықты мемлекет үшін дауыс береміз. Сайлау арқылы біз өзіміздің бағытымызды айқындаймыз. Сондықтан өткен сайлауда ең үлкен көрсеткішке жетсек, бұл жолы да алдыңғы қатардан көрінетінімізге сенемін», – деді.

Сондай-ақ мәжілісте философия және саясаттану факультетінің деканы Әлия Масалимова мен механика-математика факультетінің деканы Алматыбек Қыдырбекұлының индикативті жоспарды орындау туралы есептері тыңдалып, өзге де мәселелер қаралды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

ТВОРИ ДОБРО!

В КазНУ в канун 8 марта и к 70-летию Великой Победы прошла благотворительная акция для женщин-ветеранов «Твори добро!».



служба такси «Колеса», взяв на себя услуги по доставке ее участников в университет.

«Здесь мы нашим дорогим женщинам-ветеранам измерили давление, проверили зрение, слух, взяли общий анализ крови, сделали рентгенографию. После обследования мы поздравили их с предстоящим праздником 8 марта, угостили их чаем и подарили цветы. Затем их с комфортом доставили домой на такси», – рассказал про мероприятие директор диагностического центра «Smart Health» Эрнест Калиев.

«Спасибо университету за эту акцию. Отрадно то, что КазНУ заботится о ветеранах Великой Отечественной

войны. Нас осталось очень мало, и то, что нам дают возможность пройти бесплатное медицинское обследование, позволит нам сохранить наше здоровье», – сказала участница акции Магисаруар Курбангалиева.

Также в рамках мероприятия прошел молодежный флешмоб. В акции приняли участие студенты и художественные коллективы вуза. Они подготовили интересную концертную программу. По словам организаторов, мероприятие проведено с целью призыва молодежи к патриотизму, уважению и помощи старшему поколению, ветеранам ВОВ.

Соб. корр.

Двенадцать жительниц Бостандыкского района – ветеранов Великой Отечественной войны и участниц трудового фронта смогли бесплатно пройти обследование в медицинском диагностическом центре «Smart Health» при КазНУ им. аль-Фараби. Принять участие в этой акции изъявила желание

Жалғасы. Басы 1-бетте

ЖЫЛ ОҚЫРМАНДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Оқырмандар арасындағы сайыс екі кезең арқылы жүргізілді. Бірінші оқырман-студенттер арасында сауалнама жүргізу арқылы сайысқа қатысушылар іріктеліп алынса, екінші кезеңде қатысушы үміткерлер кітап үзіндісі арқылы шығарманың аты мен авторын табу, белгілі бір шығарма кейіпкерін суреттеу, оның монологын айту, белгілі бір шығармаға талдау жасау арқылы өз білімдерін байқатты. Сонымен қатар қатысушы-студенттерге қазақ және шетел әдебиетін жетік білу, шығармаға өз көзқарасын білдіре білу және ең көп шығарма оқу талаптары қойылды.

Кеш барысында «Қызықты үзінділер» және «Менің шығармадан алған әсерім» атты оқырмандар пікірлерінен және «100 кітап» тізіміне енген шығармалардың үзінділерінен тұратын жинақтардың тұсаукесері өтті. Бұл жинақта оқырмандар өздері оқыған сүйікті шығармалары туралы пікірлерімен, ой-толғамдарымен бөліседі. Аталмыш жинақтармен әл-Фараби кітапханасының оқу залдарына барып танысуға болады.

ҚР Жазушылар Одағының хатшысы, «Қазақ университеті баспасы», «Қазақ университеті» газеті, «Алматыкітап», «Атамұра» баспалары, «Жас қазақ» газеті жеңімпаздарды құттықтауда демеушілік жасады. Кештің құрметті қонақтары – Қазақстанның халық жазушысы Қабдеш Жұмаділ, «Жас қазақ» газеті редакторының орынбасары Жарас Кемелжан, «Алматыкітап» баспасының өкілі Ақмарал Ертаева, филология факультетінің деканы Өмірхан Әбдіманұлы, «Қазақ университеті» газетінің жауапты хатшысы Дариға Амангелдиева, механика-математика факультетінің оқытушысы Болат Әбенев және факультеттердің оқытушы-әдвайзерлері марапаттау кешінің мәнді өтуіне атсалысып, өз лебіздерін білдірді.



Осы жобаның жоғары дәрежеде ұйымдастырылып, жүзеге асуы барысында әл-Фараби кітапханасының директоры Қалима Туенбаева, қызметкерлер – Ш. Мұқашева, Ж. Манапбаева, Л. Рафкатова, З. Ниязова, Н. Самиева, Р. Қыпшақбаевалар белсенділік танытқанын айта кетуге тиіспіз.

Сонымен 1-орынды Жылқыбай Досхан (филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті) иеленсе, 2-орынға Ешмұрат Бекзат (халықаралық қатынастар факультеті) пен Башаров Тұрсынбек (филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті) лайықты деп танылды. Ал 3-орын Жаңбыр Сұлтан (экономика және жоғары бизнес мектебі), Өтенбаева Айару (журналистика факультеті) мен

Рахметова Әйгерімге (халықаралық қатынастар факультеті) бұйырды. Сонымен қатар «Ең үздік пікір авторы» номинациясымен Слямбек Қымбат (филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті), «Қазақ әдебиетінің білгірі» номинациясымен Кәдірбек Бауыржан (биология және биотехнология факультеті), Мұқашева Перизат (химия және химиялық технология факультеті), «Шетел әдебиетінің білгірі» номинациясымен Әбдімәнап Нүрилә (журналистика факультеті), «Талғампаз» номинациясымен Ысқақ Оралбек (тарих, археология және этнология факультеті), «Кітапхана белсендісі» номинациясымен Бекболат Баян (механика-математика факультеті), «Ойлы оқырман»

номинациясымен Қырықбай Еркебұлан (заң факультеті), «Білімқұмар оқырман» номинациясымен Жүнісова Әйгерім (филология және саясаттану факультеті), «Эрудит оқырман» номинациясымен Оман Зәбира (физика-техникалық факультеті), Ноғайбекова Жансая (экономика факультеті), «Кітапқа шын ғашық» номинациясымен Аскар Динара (тарих, археология және этнология факультеті) «Кітапханаға жиі келетін оқырман» номинациясымен Кенжеқожаева Ақбота (филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті) және Көпбосын Амандық (география және табиғатты пайдалану факультеті) марапатталды.

Сондай-ақ Әлібек Қызыбай мен Динара Аскар сынды университеттің талантты студенттері кештің жүргізушісі болып көпшілік көңілінен шықты. Экономика және бизнес факультетінің 1-курс студенттері қойған М. Макаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы көрермен үлкен әсер қалдырды. Абай, М. Мақатаев, Қ. Жұмаділов, С. Сматаев, С. Есентаев, А. Пушкин шығармаларын сахнада жүлдегерлер жоғары шеберлікпен орындап шықты. Қазақ халқының аяулы ұлдарының бірі М. Әуезов: «Кітап аяулы досы бола бастаған шақтан былай ғана әрбір жан өзін интеллигент бола бастадым деп санауына болады», – дегеніндей, университетіміздің әрбір студенті кітаппен дос болу арқылы зиялылар қатарына қосылуға бір қадам жақындай түседі демекпін.

Сөз соңында кітап – әрбір оқырманның ең сенімді досы, сондықтан олар өздері мазаламайды, бірақ оның көмегіне сүйенген кезде ол саған әлемнің бақытын тарту етеді дегім келеді.

Шынар МҰҚАШЕВА,
бас менеджер-кітапханашы,
сайыстың үйлестірушісі

В КазНУ Олжас Сулейменов презентовал книгу «Вспоминая, думай о будущем» написанную участниками антиядерного движения «Невада-Семипалатинск»

Баян ЕРМЕКБАЕВА,

Экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы



– Жер бетіндегі тіршіліктің өзегін келешекке жалғаған, өскелең ұрпақтың көкірегіне жөргекте жатқан кезінен бастап ізгілік пен мейірімнің, иба мен әдептің дәнін еккен аналар мерекесі қарсаңында өткен «Бақытты әйел» атты мерекелік концерт барлық ҚазҰУ аруларына көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Көктем мерекесі мен әйел азаматтарды құттықтау рәсімі биыл университетімізде бесінші рет өтіп отыр. Бұл күнді біз – әйел азаматтар әрқашан күтеміз. Университет ректоры академик Ғалым Мұтанұлының бастамасымен өткізілетін бұл кеш – біз үшін теңдесі жоқ сыйлық, үлкен құрмет.

Осындай думанды кештің жоғары деңгейде өтуін осы концертті ұйымдастырушылар мен өнер

көрсеткен әріптестерімнің еңбегінің жемісі деп бағалаймын. Жыл аралап келетін мерекеде қыз-келіншектерді назардан тыс қалдырмай, арнайы тарту жасауы – әріптестеріміздің бізге деген сый-құрметі, қошеметі деп білеміз. Оларға үлкен алғысымызды білдіреміз.

Ал кеште барлық қыз-келіншектер көңілді отырды. Бәріміздің де алған әсеріміз керемет. Концерттен кейін, біздің ойымызша, ҚазҰУ-да жұмыс істейтін және білім алатын қыз-келіншектердің бәрі нағыз бақытты жандар деп ойлаймыз.

Әлемдегі жақсылық көзі, адамдық қасиет, ақ тілек мейірбандықтың бәрі ана деген сөзбен астасып жатыр. Ендеше, ынтымағы келіскен, түтіні түзу ұшқан әрбір шаңырақта тек бірлік болсын! Мәні мен сәні келіскен береке болсын деген тілегімді жеткізгім келеді. Болашаққа деген зор сенім қашанда биік болсын, ағайын. Мереке мерекеге ұлассын!



Жансерке ЖОЛТАЕВА,

№7 Студенттер үйінің меңгерушісі

– Бұл күн біз үшін, яғни әйелдер үшін керемет өтті. Әсіресе, университет басшылығы тарапынан көрсетілген сый-құрмет, әдемі әуен мен көңілді би әйелдер қауымын ерекше қуанышқа бөледі. Бойымызды қуаныш сезімімен қатар, мақтаныш сезімі де кернеді. Қазақ ұлттық университетінде жұмыс жасайтынымызды мақтан тұтып, маркайып қалдық.

Университетімізде дәстүрге айналған «Бақытты әйел» атты іс-шара биыл өзгеше қарқынмен тойланды. Қолыма қалам ұстатқанда, санама келген алғашқы сезім – ыстық ықылас пен ризашылық болды. Өйткені, университетіміздің ректоры Ғалым Мұтанұлы бастаған үлкенді-кішілі лауазымды ағалар мен інілеріміз ашылмаған қырларымен танылып, бізді таңғалдырды. Тамаша ән-билерімен қатар, түрлі ұлттың образдарын шеберлікпен сомдап, сол елдің ерекшеліктерін шеберлікпен көрсете білді. ҚазҰУ ер-азаматтары бізді шаттыққа толы күлкіге батырды. «Ұлық болсаң – кішік бол» деген халық мақалы осындай азаматтарға арналса керек. Сонымен бірге Жастар алаңында Әбдіқаһар Сейтжанов мырзаның ұйымдастыруымен өткен концерттік бағдарлама да әйел қауымдарының жүрегінен орын алғанын айта кеткім келеді. Қалашық басшысының аяулы әйел қауымына деген сый-құрметі мен жаңа идеяларға толы көңілі осы концертте тағы да байқалды.

Осындай кешті бізге шын жүректен сыйлаған ер-азаматтарымызға және университетіміздің ректоры Ғалым Мұтанов мырзаға айтар алғысымыз шексіз.



Жалғасы. Басы 1-бетте

АРУЛАРҒА АРНАЛҒА

Көңілді кешті ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов құттықтау сөзімен ашып, аяулы мерекесінде отбасыларыңызға амандық, ниеттеріңізге тазалық, дендеріңізге саулық, ақ, университет ректоры «Жаныңдамын деп сана» атты жыр жолдарын, құрметті қыз-келіншектер мерекесінің шуақты көктем күндерімен ілесіп келуінің тегін еме

Кеште проректорлар «Әдемі-ау», ал факультет декандары «Іңкәрім-ай!» меңгерушілері Шәмші әндерінен попури айтып, Ақпараттық байланыс технология тапқырлар клубы да аянып қалған жоқ. Әдемі әзіл, ұтқыр қалжыңдары көңіл жады

Проректорлар, декан және орынбасарлары, бөлім басшылары – бәрі де университетімізге сыйлады.

ҚазҰУ-дың ер-азаматтары биылғы жылы да дәстүрлі 8 наурыз – Халықаралық мерекесінде университетімізде жұмыс істейтін шетелдік әріптестер өнер көрсетті. Ақпараттық байланыс технология тапқырлары өз тілінде шырқады. Сондай-ақ сахна мерекеге сай безендіріліп, мерекелік кештің өз пікірлерімен бөліскен болатын.



Айсұлу ЕРНИЯЗОВА,

студентка 4 курса факультета журналистики



– Мало сказать, выложились на во творчески и очень ректора, проректорс зарубежными профе

В каждой фразе чувствовалось стре женщинам. Не забуд первобытных людей в руках, но выступал не ожидала, что кон мужчинах заложено

Наградой же для объявления каждого зала с хорошим наст

грандиозным шоу действительно доказали, что наш ун

Аударма теориясы және өдіснамасы кафедрасының «КӨКЖИЕК» ғылыми-шығармашылық клубы «Үш бәйтерекке тағзым» атты өдеби-танымдық кеш өткізді

АН МЕРЕКЕЛІК ТАРТУ

аруларға арналған лебізін білдірді. «Құрметті, арулар! Халықаралық әйелдер күні, жұмыста табыс, шексіз махаббат пен баянды бақыт тілеймін», – деді. Сондай-ақ профессорлар өз өлеңдерін әйелдер қауымына арнап, аяулы аналарымыздың, стігін атап өтті.

әндерін орындаса, химия және химиялық технология факультетінің кафедра ыялары департаментінің жігіттері заманауи би биледі. Университеттің көңілді ыратты. Ер-азаматтар түрлі аспаптарда ойнап, өз өнерлерін ортаға салды. рситеттің барлық қыз-келіншектеріне өнерден тарту жасап, ерекше көңіл-күй

қ әйелдер мерекесін өте жоғары деңгейде өткізді. Бұл жылдың ерекшелігі мерекелік Аспан асты елінен келген профессор Ван Чжень қазақтың халық әні «Дударайды» тің әсерін арттыра түсті. Осы орайда кешті тамашалаған университет арулары



стики

что мужчины университета постарались на славу, они се 100%, подоидя к подготовке концерта невероятно ответственно. Мужская половина коллектива начиная с ов, деканов и заканчивая рядовыми сотрудниками, а также ссорами представили калейдоскоп красочных номеров.

е, каждой вытянутой ноте и отработанном движении мление подарить праздничное настроение и радость дутся танцоры, переодетые в женские наряды или костюмы; певцы, которые, возможно, впервые держали микрофон ти на сцене как настоящие профессионалы. Я, конечно же, церт будет настоящим потрясающим. Оказывается, в наших столько творческого потенциала и задора!

них стали аплодисменты, которые не утихали вплоть до следующего номера. Я уверена, что все женщины вышли из роением благодаря нашим артистам, потому как они своим иверситет и его мужчины – самые лучшие!

Маржан ИСАЕВА,

и.о. начальника управления бюджетной политики и экономического планирования

– Вот уже пятый год женщины университета с нетерпением ждут праздничного концерта на 8 марта, задаваясь вопросом: «что же интересного преподнесут мужчины на этот раз?». Придя в зал, можно было увидеть наших милых дам красивыми, радостными, каждая из них светилась счастьем в ожидании интересного и незабываемого концерта. По традиции концертную программу открыл наш ректор Галым Мутанов. Тепло поздравив нас, он прочитал свои стихи и отметил, что женщины наполняют мир красотой, гармонией, радостью и любовью. Эстафету поздравлений приняла группа джентльменов, и завораживающий концерт начался. Особенно проникновенной стала прозвучавшая композиция «Аспанға қараймын» в исполнении заместителей деканов. Нас забавляло то, что род их разукрашенным мэйк-апом не возможно было узнать, кто есть кто. А итальянское попури в исполнении мужчин факультета биологии и биотехнологии загло зал и женщины на местах подхватили «макарену». Также были неотразимы и мужчины военной кафедры. Когда же на сцене был представлен индийский танец, мы не могли понять: женщины это танцуют или мужчины? Кульминацией концерта стало исполнение нашими проректорами песни «Адем-ау», их артистичность и голосистость вызвали громкие аплодисменты зала. Я уверена, что каждый, кто был на этом концерте, ушел домой с позитивным и радостным настроением. Как хорошо, что у нас есть такая замечательная традиция, спасибо нашим дорогим мужчинам за праздник!



Сандуғаш САНДЫБАЕВА,
биология және биотехнология факультетінің 1-курс магистранты



– Жер ананы кыстың аппак көрпесінен босатып, бар табиғатты елжіретіп көктем күндері келісімен барша әлемнің нәзік жандыларының мерекесі – Халықаралық әйелдер күні де келіп жетті. Сол күні ҚазҰУ да ерекше күйге бөленгендей: көктемнің жылы лебі, бетінді қытықтаған күн сәулесі мен айналадағы студенттердің сыңғырлаған күлкісі, бірін-бірі құттықтаған ыстық лебіздер – бәрі-бәрі менің жүрегіме жылулық ұялатты. Айнала қолдарына қызылды-жасылды гүл шоқтарын ұстаған жастар да ҚазҰУ қалашығын көркейте түсті.

Бұл күні барша ҚазҰУ арулары – ұстаздар қауымынан студенттерге дейін Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайына жиналды. Көптен күткен мерекелік концерт университет ректоры Ғалым Мұтанұлының құттықтау сөзімен басталды. Университет басшысы аруларға арнап «Жанымда деп сана» өлеңін оқып берді. Факультет декандары ұсынған сыңғырлаған әдемі ән мен мың бұралған би аруларға тамаша көңіл-күй сыйлады. Тарих, археология және этнология факультетінің кафедра менгерушілері мен аға куратор-эдвайзерлерінің шығыс биі баршамызды таңғалдырды. Ал биология және биотехнология факультетінің кафедра менгерушілерінің орындауындағы әлемдік ретро әндер көрермендерді ХХ ғасырдың ностальгиясына бөледі. Әдемі әзілдерімен күлкі сыйлаған «Сенсация» командасы да нәзік жандылардың құрметіне бөленді. Әскери кафедраның жалынды жігіттері орындаған әндер, бұған қоса ерекше жанрдағы өнерімен университеттік «Бақыт» би тобы кештің сәнін келтіре түсті. Көктемдей күлімдеген сұлу жандардың төл мерекесіне арналған сезім мен махаббатқа, алғыс пен құрметке толы кеш қара шаңырағымыздың проректорлары мен «Парасат» кәсіподағының төрағасының керемет репертуарымен аяқталды.

Әйел – сенің ақылшың да, айбарың,

Ол барында естімейсің қайғы әнін.

Әйел – сенің күзетшің де, сақшың да,

Әйел – сенің мерекен де, мейрамың – деген жолдар дөңгеленген дүниенің бәрі әйел заты алдында әлсіз екенін еріксіз еске түсіреді. Сондықтан да ана мен әпке, қарындас пен құрбының мерекесінде есте қаларлықтай керемет кеш сыйлаған барша ҚазҰУ азаматтарына алғысымды білдіремін. Әйелдерді аялайық, ағайын!

Мужчины КазНУ поздравили прекрасную половину коллектива с 8 марта и подарили им яркий и красочный концерт



Ұлтты таңытатын шығарма

ӘДЕБИЕТТІ – ҰЛТ ТАҢУ ӨНЕРІ ДЕП АТАУ ТЕГІН ЕМЕС. ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚИ ОТЫРЫП, ӘР ҚАЗАҚ ОҚЫРМАНЫ ӨЗІН, АЙНАЛАСЫН, ӨМІРІН КӨРЕДІ.

Ұлтты өзіне-өзін танытатын О.Бөкей шығармаларының бірі – «Атау-кере» (Қауіпті будан) повесі. Шығарма атауының өзінде үлкен философиялық мән бар. Атау-кере – бұл адамның о дүниеге аттанардағы бұл дүниеден татар соңғы дәмі. Жазушы, бір қарағанда, адамзатты ақылынан адастырып, намысын аяққа таптатады, ерді ез ететін арак-шарапты – атау-кереге теңесе, байыбына жете қарағанда, бүкіл бір ұлттың атау-кересіне айналуы мүмкін деген катерді көрсетіп, ескертеді. Ол катер – қауіпті будан. Автордың «қауіпті будан» деп атап отырғаны, африкалық ара мен америкалық араны будандастыру нәтижесінде шыққан тынымсыз, еңбеккөр, гибрид араларға ғана қатысты айтылған. Қауіпті будан деген тіркес астарында ешбір ұлттың кастер тұтқан құндылығын мойындамайтын, бойында ұлттық сезімі жоқ, табиғи түйсігінен ажыраған, тонмойын, дүбәрә екі түрлі ұлттың қосындысы «будан» ұрпақты айтып отыр. Қауіптен сақтандыру үшін, ұлттың ішкі түйсігін ояту үшін жазушы осы жәселені арнайы көтерді.

Түсінген және қаламгердің ескертер жайы көп. Соның бірі, күні бүгін де өзекті мына жайт болса керек. «...анау таудың арғы бетіндегі Захар бағымындағы аралардан гөрі Еріктің аралары екі-үш жылдан бері жалқау тартқан

секілді, бұрынғыдай кең өріс іздеп, алысқа самғамай, көбіне үй маңайын айналсоқтап, беті ашық қалған тамақ, көзге шалынар даяр тәттілерді торуылдайтын әдет тапты. Кеше осындай онайға әуес араның бірі дастарқан үстіндегі балға малтығып қалғанына куә болғанбыз. Осына үйкүшік қылық, көлденең көзге байқалмағанмен, тәжірибелі омарташыға ой салмай қоя алмас. Бірақ, тек қана сан қуған, көлем іздеген Ерік өз омартасындағы қанаттылардың тектілі, еңбеккөрлығы жоғалып, қабілет-мүмкіндіктері күн өткен сайын кеміп бара жатқанын бағамдамайтын», – дейді автор.

Омарташы өмірінен алынған осы бір образды суреттен ойлы жан бүгінгі біздің сан қуған, көлем көздеген қоғамды, жоспар құрып алып қарбаласқан өмірімізді көрері анық. Мазмұн емес, пішін қуып аласұрған қоғам деградациясын байқайды.

Повест соңында бар дүниесін реттеп, қаттап, жүйелеп, жинаған еңбеккөрлығынен дүниеқоңыздығы басым Еріктің сонаға айналып кетуі, ал жан қалауына мойынсұнған Тағанның Айнамен қол ұстасып қалуының өзі көп нәрсені аңғартады.

Повесте ерекше көтерілетін тағы бір мәселе – «жатыну». Еріктің ауылды, екі ұлтты да өзіне жатынуы, Тағанның қаланы тастап қашып,



қоғамды жатынуы, өмір бойы намазын каза қылмаған Нүрке кемпірдің сандықтың түбіне иконаны тығып жүруі, өлер алдында шокынуды, яғни дінді жатынуы, шалдың адамдардың арасынан безіп, тау ішінде тұруы, барлығы да бір-біріне жаттығынан. Олардың бірін-бірі түсінбеуі де заңды.

Тағанның «Неге осы біз?» деп басталатын лекцияларынан да ұлттық қалып, ұлт бойындағы мін көрінеді. «Неге осы сендер» емес, «біз» деген сұрақтың қойылуынан, Абайдан бері жалғасын тапқан, күңіренген, жанашыр зар естіледі. Кейіпкерлер арасындағы диалогтың

өзінде ұлттық қадір-қасиеттерді саралау бар. «Кешіріңіз, әкені қара жерге береміз. Көрген кісім болған соң...» – Оның жөн-ақ. Бірақ жоқтан өзеге шыбындаған аттай бас шұлғып, кешірім сұрай берме. Қазақ тек о дүниеге аттанар сәтте ғана бақұлдасып, артық ісім болса кеш деп, иек қаққан».

Осы бір диалогтан «кешіріңіз» деген бір ауыз сөздің бүгінгі күні қаншалықты құны түсіп кеткенін көруге болады. Тіпті, «Халіңіз қалай?» деген жанға «Жаксы» емес, «Рақмет! Жаксы» деп америкалықтарша жауап беру де дағдыға айналып бара жатыр.

Осылайша, жазушы ұлттық сана-сезімнің бірте-бірте өзгеріп бара жатқанын, тіл экологиясын ұлт экологиясымен аастырып суреттеген. «Тәлімі мол тәрбие, көш басшы көшелі сөз жастарға ғана емес, ересектерге де керектің сезді Шал. Кең де тар дүниенің кеселді кесірінен, зіл-зала кесепатын сақтап қалу үшін, осынау екі тастың үстінде талтайып, қалай қарай аттарын біле алмай аласұрған жігітке ертеңгі өмірінің мінәжатына айналар байсалды бата беру керектігін көпәрледі Шал». Жалпы, көзі қаракты оқырманға ой салар көп дүние бар повестте. Тіпті, автордың тығырықтан шығудың жолын да ұйыған ұлттық дүниетанымнан іздеуі бүгінгілерге сабақ болуы тиіс.

Е. СОЛТАНАЕВА,
филол.ғ.к., аға оқытушы

Оралхан Бөкейдің «АТАУ-КЕРЕ» повесі

Оралхан Бөкей – суреткер жазушылардың бірегейі. Повесте Оралхан Бөкей барлық заттар, құбылыстар атаулыға жан бітіріп, тірілтіп, тура өзі көріп тұрғандай сезімге бөлеуінің тағы бір сыры – осы суреткерлігінде болса керек.

Әсіресе, Алтай өңірінің табиғатының тіл байлар сұлулығын, көркемдігін тура өз көзімен көргендей әсерді бастан кешіресін. Жалпы О. Бөкейдің қай шығармасын алсаңыз да тура өзін сол мезетте көріп тұрғандай күй кешесін. Көркемдегіш құралдардың небір түрлеріне куә болып, жазушы тіліне тамсанып отырып окисын. Әр сөйлемде эпитет, тенеу, метафора, метонимия дейсіз бе барлығы бар. Бірақ, бір қызығы бұл көркемдеуіш құралдардың соншалықты табиғилығы, яғни жазушы ойын жасанды көмкеріп қалмайды, керісінше айқындай түседі. Әсіресе, адам психологиясына байланысты, адамның көңіл-күйінің, ішкі сезім иірімдерін, ішкі ойы, күйініш, қуаныш, ауырсынғанын, рақаттанғанын т.б. дәл баса берген. Адам көңіліндегі өзгерісті қалт жібермей бейнелейді.

«Атау-кере» повесі – Алтай тауын жайлаған адамдардың өмір-тіршілігі қамтылған көлемді шығарма. Бас кейіпкер Еріктің, оның анасы Нюраның, жұбайы Айнаның арасындағы оқиғаларды психологиялық ауанда өрбітіле жазылған. Сондай-ақ, бас кейіпкер Таған атты атпал жастың талантын таптаған маскүнемдік дертке душар болу себептері де сезімталдықпен суреттелген. Автор сонымен бірге сонау ашаршылық, жеке басқа табынушылық кезіндегі ел ішіндегі нәубетті дәл көрсетіп, көңілге қозғау салады.

«Атау-кере» повесін оқып отырған кезде тура өз көзімен көріп, яки өз басыннан кешіргендей сезімге бөленесіз. Бұған себеп – өмір шындығы негіз болып отыр.

Повест әсем табиғаттың тамаша көркінен бастау алып, сол бір әсемдікпен жанына тазалық, сұлулық нұрын сепкендей күйді бастан кешіресін. Повесті оқып отырып, тұнығы бұзылып, шайқалмаған таза сұлулықты өз көзімен көріп отырғандай әсерде отырдым. Повесті Оралхан Бөкей емес, мен өзім өз көздеріммен көріп, сол Алтайдың Оралхан

суреттеген бөктерінде, Алтай мекенінде жүргендей, адам айтса нанғысыз сезімді өткердім. Жазушының тілінің көркемдігімен, жазу шеберлігімен Еріктің қасында жүріп, барлығына өз көзімен көріп келгендей әсердемін.

«Атау-кере» повесінің тіл көркемдігі сондай, сайраған құстардың дауысын құлағына әкеліп, жағымды-жағымсыз иістерді мұрның сезіп отырады. Тіпті, Ерік образының аша түсу үшін қолданатын тәсілі де керемет. Автор Ерік характерін аралар сипатымен параллель сипаттап отырады. Мысалы,

– Ей, Алла, сенің бетіңе көп қарасам, бірте-бірте араға айнала бастайсың, – деп, қайран қала қадалды.

– Мен – еңбек арасымын, ал сен – «Пчелиный восксын»

– Ал сен – «Опасный гибрид» арасын...

Әлгі өзін Америка құрлығынан әкелген.

– А, олар – асыл текті аралар, оларға тіл тигізбе... Вообщее болашақ солардікі...

Немесе, Еріктің қимылын аралардікімен ұқсастыра суреттеуі де өте ұтымды шыққан. Мәселен, «Басы сынып, ызың-ызың араның ұясына айналған Ерік тек таңға жуық қана қорылдап, ұйықтап кетті», «Сіздің жүрегіңіз жоқ, аға, сіздің жүрегіңізді ара шағып алған», «Екі қолың қанатша қомдап, ара секілді кейіпке кіріп, ызындаған күйі шыға жөнелді».

Психологиялық тұрғыдан, философиялық мәні де терен туынды. Әр кейіпкердің сезім-күйінің қылын шертіп отырып жазған. Сонымен қатар, жан-жануардың хал-жағдайын суреттеуі тіптен керемет! Қарымды қаламгер Оралхан Бөкей – психолог жазушы. Мәнінше, Оралхандай көркем ойлы, суретті тілді жазушы кемде-кем.

А. АСАНҒАЛИЕВА,

филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 4-курс студенті

Повестен үзінді

...Бұрынғыдай емес, бұл ауылдың адамдары бұл дана есендесетіндей, бейне бір кісікіік көргендей көздерінің астымен сүзе қарайды, не болмаса байқамағанысып, байырқаламай асығыс өте шығады. Соңғы кезде адамдар мінезіне санамен кіріп, сыздапта бүлдіріп жүрген осынау тоңмойындық ауылдастарының баяғы жайсаң жаны қай жылдардан бастап қасаңдай бастағанын, зейін қойып, зерттер зерде Ерікте бар-жоғын білмейміз; біздің білетініміз: замана көші байсалданып, баянды ғұмыр кешкен сайын өмір сүру жеңілдеп, сауық-сайран көбейген сайын санамыз сарабал тартып, таңғажайып оқиғаның күәсі болған сайын құлқынымызға құм түскендей қатал да қайырымсыз; ешкімге де, еш нәрсеге де сенбейтін сезімсіз «сергектік» жайлағандай еді бойымызды.

...Жаңғырып барып басылған тау ендігі сәтте мәңгілік мылқаулықпен телміріп тұр еді. Тау мылқау деп кім айтты, жүрегі, тілі бар, тек естір құлақ керек; ал құлағы мен көзі барлардың да естімейтіні, көрмейтіні толып жатыр. Дүниені алапайдай бүлдіретін де солар. Құлағы бар – керек, жанары бар – соқырлар... Сондықтан да жан дүлейлігінен сақтасын...

Әкеңдей адаммен қажассаң – қарық болғаның. «Қарт шалдың тілін бір қайтар» деп, досың Ерік, өзінің қолы тимей жатқан соң, сені тыңшылыққа жіберді ме? – деп, сәл түксііп, бар еткізіп, сіңбіріп тастап, «Арқарды» қайта бықсытты.

– О, не дегеніңіз, ата, бұра сөйлесем, шабыттандырам ба деп дәмеленгенім ғой.

– Шабытым шабандаған шақта жолығып отырсын, шырақ. Ерік бір Үлкен жерден бір «құл» ерте келді деп естіп едім, сол пәтшағар сен болмағай...

– Бәрібір шамданбаймын.

– Шамы жоқ адам – намысы жоқ адам.

– Ендеше, ақсақал, Марқакөл жақта әр таудың басын көксем маңып жүрген кісікіік Шал бар деп еді, сол «тағы» сіз екенсіз ғой.

– Міне, енді таныстық, табыса алсақ жарар еді...

– Оны сіздің қонақжайлығыңыз біледі. Қой сойып, қол құсырмасаңыз да, ақ құйып жөнелтерсіз...

– Бопсаң бодаусыз емес. Бәсе-бәсе, тегін кісі таз болмас...Әттең итарышылығың ғана жанымға батады.

– Жену үшін, жең түріп төбелесе беру шарт емес шығар, ақсақал, кейде шегініп аройға жегіліп те алмаушы ма еді. Түбінің қайырлы боларын білген адам жауын арқалап жүрсе де, арынбайды деген сөзді бекер айтпаған шығар...

– Жүр кеттік! Құдайы қонағым бол, – деп орнынан лақтай ырғып тұрып кетті.

Бешімі жүргізген әл-Фараби кітапханасының кітапханашы-менеджері Жұлдыз МАНАПБАЕВА

Журналистика факультетінде мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты, публицист, ақын Жанарбек Әшімжанмен кездесу өтті

Құрметті оқырман, газеттің өткен санынан бастап «Айналанды нұрландыр!» жалпыуниверситеттік фестивалі аясында жарияланған студенттік эссе байқауына қатысушылардың шығармашыларын жариялап келеміз. Студенттердің тілге деген құрметін арттыру, өз ойын көркемдеп жеткізу дағдысын қалыптастырып, шығармашылық бағыттағы қаламдарын ұштау мақсатында ұйымдастырылған бұл байқаудың жастар арасында «Айналанды нұрландыр!» жобасының тағылымдық-тәлімдік идеясын насихаттауға зор үлес қосарына сеніміміз мол.



Фарица БЕРЕКЕТОВА,

филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің
1-курс студенті

Мынау жарық дүниеге келген әрбір адам бақытты болуы үшін жаралған. Әр адам - өз отбасының көз қуанышы, қоғамның кішкене ғана бөлшегі. ...Адам баласы айналасын нұрландыру үшін, өзгелерді бақытты қылуы үшін ең алдымен өзін-өзі тәрбиелей білуі қажет деп ойлаймын. Академик Д.С. Лихачев тәрбие жөнінде: «Жақсы тәрбиені жақсы отбасында немесе мектепте ғана емес, сонымен бірге... өзіңнен өзің алуыңа болады» дей келе, адамның өзін-өзі тәрбиелеуі мен өзін-өзі жетілдіруінің маңызына тоқталады. Адам өзін-өзі тәрбиелегеннен соң, өзгелер одан үлгі-өнеге алып, өздігінен тәрбиеленеді. Адам бақытты болуы үшін ең басты орындарда ізгі ниетті болу, өзгеге пана, қамқор, тірек болу, жақсылық жасау, бәрінің де жақсы болатынына сену, жүрегі ақ, пейілі таза болу қажет. Осылардың ішіндегі ең қажеттісі - ізгі ниетті болу, ойы тұзу, адал болу. Содан соң өзгелерге жақсылық жасау керек. Себебі, адамға жағымды нәрселердің барлығы да жақсылық ұғымы арқылы жүзеге асады. Осы қасиет арқылы жас та, кәрі де өзіннің мақсат-мүддесіне, арман-тілегіне, болашақтан үміттенуіне сенімін білдіреді. Жақсылық арқылы жеке адамдардың іс-әрекеттеріне, қоғамдық қатынастарына, адам аралық байланыстарына баға беріледі. Жақсылық адамның ізгілігін анықтайды. Кейде адамдар «Жақсылығымы алдымнан шықпай жатыр», - деп ренжіп жатады. Жақсылық сатусыз жасалады. Жақсылық - өлшеусіз құбылыс. Жақсылықты ұқпаған адам күндердің күнінде ұғатын болады. Тілек, асықпау керек. Мына өмірге қонақ боп келген адамзат баласы осы қамшының сабындай ғана қысқа әрі өткініші өмірге өз өрнегін салып, өз жолын тауып, өнегелі істер

жасауы тиіс деп ұғамын.
Абай айтқандай:
Қайғы келсе, қарсы тұр, құмай берме,
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
Сонан тапқан - шың асыл, тастай көрме, - деп, қайғы-қасірет келсе жеңе біліп,
Еріншектік - салақтық,
Салақтықтан - надандық...
Бір-бірінен туады,
Жоғалар сөйтіп адамдық, -
деп айтқан Мәжәрім атамыздың нақыл сөзін әрдайым жадымызда тоқып, еріншектік деген кеселден арылсақ, айналамызға шуақ шашамыз. Айналаны жандандыра түсеміз, нұрландыра түсеміз.
Жазған ой-пікірлерімді қорытындылай келе сөзімнің соңын атақты ойшыл, философ Марк Аврелийдің мынадай керемет, асыл сөздерімен аяқтағым келеді.
«Қарапайым, қайырымды, таза, шыншыл, құдайшыл, әділетті, ержүрек, мейірімді болып қала бер және өз міндеттеріңді қызған. Не нәрседе болсын ақыл мен ардың ницсауымен әрекет етуге тырыс, әркінің игілігі үшін қам же. Өмір қысқа. Оның ең бағалы жемісі - адамдардың игілігі үшін ізгілікті істер істеуден қапы қалма!»

(ЫҚШАМДАЛЫҒА АЛЫНДЫ)

О.А. ВАЛИКОВА,

докторант специальности «Филология: русская филология»

В культуре есть сюжеты, которые не боятся времени. Путешествуя из одного ареала в другой, перенимая каждый новый ценностный оттенок, каким может наделять их этнос, такие сюжеты всегда остаются, безусловно, узнаваемыми. В них заложено то самое «генетическое ядро», что определяет духовный облик человечества. Мильтон писал о Рае Потерянном и Рае Обретенном. С ветхозаветных времен человечество уверовало в Идью о том, что Рай (некое место, осененное божественной благодатью) потерян, а значит, его нужно искать. Не такова ли притча о блудном сыне? Не об этом ли вечном поиске — все мифы об Элизиуме, все «Диалоги» Платона, все подступы к «Городу Солнца» Кампанеллы? И «Соловьиный Сад» Александра Блока, и «Эльдорадо» Эдгара По, и многие другие шедевры культуры повествуют о том, что «где-то есть место, где все иначе». Эту пронзительную веру и бесконечный поиск передал в своем слоге К. Бальмонт:
Между гор и долин
Едет рыцарь один,
Никого ему в мире не надо.
Он все едет вперед,
Он все песню поет,
Он замыслил найти Эльдорадо.
Но в скитаньях — один
Дожил он до седин,
И погасла былая отрада.
Ездил рыцарь везде,
Но не встретил нигде,
Не нашел он нигде Эльдорадо.
В конце пути Тень говорит Рыцарю о том, что на Земле такого места нет. «Нет мира, где все иначе, — рассказывают другие сюжеты, — но иначе могут мыслить люди». Такие истории непременно содержат эпизод, буквально «разворачивающий» Героя обратно. К тому, от чего он ушел. К своему Дому. К своему Обществу. Они ставят перед Героем вопрос: «Что можешь сделать Ты, чтобы Общество Благоденствия стало быть?» Думается, что Общество Благоденствия — это не

что иное, как Общество Благодеяния. Общество, в котором совершать благо — не подвиг и не повод (для гордости), а естественный выбор человека, ответственного за себя и перед собой.
Благо — это всегда труд. Интересно то, что личного блага — нет, оно всегда общее; но создавать его должен каждый. Вот, на мой взгляд, максимы, по которым могло бы жить Общество Благодеяния:
1. Познай самого себя. Только человек, исходящий из собственных способностей, предпочтений, убеждений и навыков, способен делать что-либо по-настоящему хорошо — а хорошее дело идет во благо и всему обществу. Эта максима — о воспитании. О воспитании ребенка в семье с учетом его индивидуальности; о воспитании здорового любопытства к собственной личности; об умении принять и познать Другого. Люди в Обществе Благодеяния учатся чему-либо не потому, что это «престижно», «доступно» или «положено», а потому, что это им соответствует. Профессия не имеет для них ничего общего с «корочкой» — это Призвание и Дело Жизни.
2. Познай мир вокруг себя. В Обществе Благодеяния Знание — не то же самое, что инфантилизм. Знание всегда лично; в нем есть «оттиск» заинтересованности, труда, эволюции. И cogito ergo sum — это modus vivendi. То есть стиль жизни — это жить осознанно.
3. Делай добро. Делай хорошо все, за что бы ты ни взялся. Учись тому, что тебе нравится, и учись этому усердно. Посвяти свой труд тому, чему учился. Работай по профессии, и пусть твоя работа будет благодеянием. Позволь себе быть собой, а другим — быть другими. Помни о том, что вокруг тебя — живая жизнь, и не стремись никак нарушить ее. Будь лучшей версией самого себя и знай, что Благодеяние порождает Благодарность, а Благодарность несет Любовь.
Общество Благодеяния — это наше с вами общество. Здесь нет «официальной» толерантности, а есть искреннее приятие; здесь нет «этнической мозаики», а есть переплетение судеб; здесь нет конкуренции, но есть эволюция. Это общество личной ответственности, и мы уже готовы отвечать — перед собой и перед нашим Домом.

(Научный руководитель:
Б.У. Джолдасбекова,
чл.-корр. НАН РК, д.ф.н., профессор)

Аяжан СЕРФАЗЫ,

филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 1-курс студенті

«Маңына ұрық шашпаған жақсылық,
жапанда жалғыз өскен бәйтерекше түл болады да қалады»
М. ӘУЕЗОВ

Адамға қойылатын басты талап — асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, ұлағатты азамат болып шығу. Өйткені адам өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттілігімен ардақты.
Адам баласы жалғыздыққа өмір сүре алмайды. Әрдайым арқа сүйейтін жанға мұқтаж болады. Заман ағымына қарай адамдық құндылықтар да, қасиеттер де өзгеріп бара жатыр. Әрбір адам өзінің жағдайын ғана ойлайды. Сол сияқты бізді ата-анамыз асырайды, оқытады, тоқытады, біз үшін бәрін беруге дайын. Ал соны бағаламайтын жандар қаншама. Қартайған шағында кез келген ата-ана көмекке зәру болады. Өз құрсағынан шыққан сәбиден, әрине, жақсылық күтеді. Бірақ жасы жеткенімен ата-анаға масыл болып отырған адамдар қаншама. Сондықтан да біз жақсы адамдарды бағалай білейік!
Адамгершілік — адамның рухани арқауы. Өйткені, адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде алға қойылған мақсаттардың бірі — қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет, кішіге қамқор бола білетін жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Еліміздегі жас ұрпақ өмірі жарқын, болашағы айқын болса екен дегім келеді. Ойымды ақын Жұбан Молдағалиевтің өлеңімен қорытындылаймын:
Адам бол, адам,
Адам бол, адам!
Адам — әлем бөлшегі.
Адам бол, адам,
Сұлу бол, адам!
Жылу бол, адам!



12 марта на факультете филологии, литературоведения и мировых языков пройдет научная конференция «Актуальные проблемы обучения и изучения переводоведения и компаративистики»



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІГІТ, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №223

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.